

Білім мен өнер ұштасқан оқу ордасы



Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауында «2015 жыл – ұлттық тарихымызды ұлықтау және бүгінгі бикітерімізді бағалау тұрғысынан мерейлі белестер жылы. Қазақ хандығының 550 жылдығын, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Жеңістің 70 жылдығын атап өтеміз. Жаңа Қазақстандық Патриотизмді ұрпақ жадына сіңіруді айрықша рөлге ие», - деп айтылған.

Осы мерекелерді мерекелеу қарсаңына орай, Қостанай облысы Қостанай қаласының қалалық мектептер ұжымдарының кәсіподақтық көркемөнерпаздар байқауы өткізілді.

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы күндізгі оқыту факультетінің 2 жыне 3 - курстың тыңдаушылары Бақдаулет Асанов, Азамат Сейілбек, Ұлан Бахытұлы, Ернұр Әбубәкір №24 мектеп – гимназиясының оқытушыларымен және оқушыларымен бірге байқауға дайындалып, бір адамдай белсене ат салысты.

Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов тыңдаушыларды Отанын, елін қорғауға, патриоттыққа, ерлікке, туған жерін сүюшілікке, адамгершілікке тәрбиелеуге көп көңіл бөледі.

Байқаудың да басты мақсаты болашақ ұрпақты Отанын сүйуге, елінің, жерінің адал патриоттары болуға, бабалардан қалған тарихи мұраны сақтау, достық пен бірлік арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеу болып табылады. Аталған байқауға 35 мектептің қжымы қатысты.

Байқауға тыңдаушылар әділдігімен елге танымал қазақтың атақты билері: Тқле би, Қазыбек би, Әйтеке би және Қазақ ордасының ханы, қазақ мемлекетінің тарихындағы аса көрнекті мемлекет қайраткері Абылай ханның билік жүргізген уақытындағы қойылымын көрермендерге тарту етті. Қатысушылар өз өнерлерін өлеңмен, сахналық қойылыммен және әсем әнмен жеткізді.

Қазылар алқасының шешімімен ең жоғары ұпай саны бойынша «Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №24 мектеп-гимназиясы» ММ ұжымы және Академия тыңдаушылары финалға жолдама алды.

Тәуелсіз, егеменді еліміздің өркендеуіне, халқымыздың бейбіт өмір сүруіне өренді, батыл, отаншыл жастарды тәрбиелеп, Отанын сүйіп, ардақтаумен қоса, болашақ жастарды өз елінің патриоты ретінде тәрбиелеп жатқан оқу ордасының бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызыловқа «Қостанай қаласы әкімдігі білім бөлімінің №24 мектеп-гимназиясы» ММ директоры С.Е.Каримова өзінің алғысын білдіріп, алғыс хат табыс етті.

Орынбасар Уақпаева
ҚР ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
баспасөз қызметінің баспасөз хатшысы